

ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының әлеуметтік-педагогикалық бағыттағы бөлімнің 2021 жылғы I жартыжылдығындағы қызметі туралы есебі

ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы қызметінің мақсаты (ары қарай – РҚББОӘО):

бағдарламалық-әдістемелік, ұйымдастырушылық-мазмұнды және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарымен балалардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру және дамыту тәсілдерін жетілдіру арқылы балаларға қосымша білім беруді дамыту.

Міндеттері:

1) балаларға қосымша білім беруді бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз ету;

2) балаларға арналған республикалық іс-шараларды (байқаулар, жарыстар, фестивальдар және т. б.) өткізу;

3) педагогтердің біліктілігін арттыру. Педагогтер мен қосымша білім беру ұйымдарының ең жақсы жұмыс тәжірибесін жинақтау және тарату.

2021 жылғы бірінші тоқсанында бөлім:

1) ҚР БҒМ Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің тапсырысы бойынша «Ризашылық – мейірімділік бұлағы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасы аясында 3 531 қатысушыны қамтитын 1 іс-шара **өткізілді**.

2) **әзірленді:** Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында «Мектеп/студенттік парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы;

- педагогтерге арналған «Қосымша білім және тәрбие» ғылыми-әдістемелік журналының электрондық форматтағы **3 нөмірі**.

3) ұйымдастырылды және өткізілді:

2021 жылғы 2 сәуір – әлеуметтік-педагогикалық бағыттағы ұйымдар басшыларының Республикалық үйлестіру кеңесінің онлайн отырысы.

2021 жылғы 27 мамыр – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Шолпан Таңатқызы Каринова мектеп парламенттері көшбасшыларымен кездесті. Диалогқа ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Смышляева Екатерина Васильевна қатысты. Онлайн кездесуге мектеп парламенттерінің **500** Президенті мен осы жобаның үйлестірушілері қатысты;

Курстан кейінгі қолдау шеңберінде **820** қосымша білім беру педагогтері мен бейіні бойынша маманды қамтитын **26 вебинар:** әлеуметтік-педагогикалық бағыт (қамту – 820), мектептік және студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту мәселесі бойынша мектеп және колледж директорларының тәрбие жұмысы жөніндегі **1500** орынбасарына арналған **15 оқыту вебинары;** мектептегі өзін-өзі басқарудың үйлестірушілері (білім беру бөлімдерінің әдіскерлері мен мамандары, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, педагогтер, тәлімгерлер) анықталды: облыстық деңгейде – 17 адам, аудандық (қалалық) деңгейде-213 адам; мектептегі өзін-өзі басқару бойынша whatsapp-чаттар ашылды; www.ziyatker.org сайтында «Мектеп Парламенті», **айдары ашылды,**

мектептің өзін-өзі басқаруын жобасын дамыту бойынша тұжырымдамалар орналастырылған.

«Жұлдыз», «Ерлік», «Балалайф» клубтарының контенттері күн сайын толықтырылуда: әлеуметтік-педагогикалық бағыт бойынша – 45.

Мақалалар жарияланды:

С.Д. Салбенбекова «Пікірсайыс – өскелең ұрпақты дамыту құралы», «ІЗДЕНІС» Қарағанды облыстық газеті, № 3 11.02.2021 ж.

Г.С. Хамзина «Гаджет – «дос» әлде «қас»? <https://uchitelya.kz/statuya-gadzhet-drug-ili-vrag/>

К.С. Аубакирова «Жас сарбазбен» - жарқын болашаққа!» <https://uchitelya.kz/statuya-po-voenno-patrioticheskomu-napравleniyu/>

Ф.Б. Тажибаева «Мектептегі оқушылардың өзін-өзі басқару процесінің психологиялық маңызы» <https://uchitelya.kz/mekteptegi-o%d2%9bushylardy%d2%a3-%d3%a9zin-%d3%a9zi-bas%d2%9baru-proczesini%d2%a3sihologiyaly%d2%9b-ma%d2%a3yzy/>

I. 2021 жылғы 22 қаңтардағы № 1 Шарт талаптарын орындау мақсатында «Ризашылық – мейрімділік бұлағы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасының аясында ұйымдастырылды және өткізілді:

2021 жылғы 22 қаңтар – 26 ақпан аралығында – www.ziyatker.org сайтында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың арасында «Шексіз шығармашылық» республикалық байқауы (әрі қарай – Байқау).

Байқау ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардың бейнелеу қызметінде, сәндік-қолданбалы өнер шығармашылығындағы шығармашылық әлеуетін анықтау және ынталандыру, сондай-ақ шығармашылық қызметтерін ынталандыру және қолдау арқылы әлеуметтік бейімдеу мақсатында өткізілді.

Байқауға келесі номинациялар мен жас санаттары бойынша барлығы **3 531** жұмыс түсті:

1) «Қазақстан – менің алтын бесігім» суреттер байқауы (**1003 жұмыс**);

2) «Алтын қолдар» сәндік-қолданбалы өнер байқауы (**2255 жұмыс**);

3) «Қиял-гажайып әлемі» өз өлкесінің, өз отбасының және т.б. болашағы туралы ертегілер, әңгімелер байқауы (**273 жұмыс**).

қазылар алқасы мүшелерінің шешімі негізінде **2031** жеңімпаз анықталды.

Материалдар www.ziyatker.org сайтында орналастырылды.

II. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен ҚР БҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК арасындағы 2021 жылғы 11 қаңтардағы №1/ГЗ шартына 2021 жылғы 22 ақпандағы №1 қосымша келісімді орындау мақсатында 14 іс-шараның бірінші жартыжылдығында қашықтық форматында 2 іс-шара ұйымдастырылды және өткізілді:

1. «Алау» әскери-спорттық ойынының республикалық финалы, 2021 жылғы 12-14 сәуір.

Республикалық ойынның мақсаты: жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу бойынша жұмыс

мазмұнының сапасын арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау және дәріптеу. Байқауға қатысушылардың саны – 170 адам, жеңімпаздар – 24 және 3 жалпы командалық орын.

2. «Менің Отаныма – менің бастамам» республикалық шығармашылық жобалар байқауы, 2021 жылғы 7-9 маусым.

Байқау мақсаты: дарынды балаларды анықтауға және қолдауға бағытталған балалар мен жастар бастамаларын дамытуға жәрдемдесу. Байқауға қатысушылардың саны – 170 адам, жеңімпаздар – 27 және 3 жалпы командалық орын.

III. Курстан кейінгі қолдау аясында ZOOM платформасында 26 вебинар (820 тыңдаушы) өткізілді:

1) Балаларға қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың қосымша білім беру педагогтеріне арналған «Педагогикалық идеялар аукционы», 13.01.2021 ж. Қатысушылар: 28;

2) «Қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру кезінде инновациялық практикаларды пайдалану», 15.01.2021 ж. Қатысушылар: 25;

3) «Шығармашылық орталық. Таным. Тәжірибе. Шеберлік», 01.02.2021 ж. Қатысушылар: 25;

4) «Қосымша білім берудің және каникул кезеңінде балалардың демалысы мен сауықтыруын ұйымдастырудың заманауи үлгілері», 24.02.2021 ж. Қатысушылар: 37;

5) «Заманауи педагогикалық технологиялар және балаларға қосымша білім беруді психологиялық қолдау», 12.02.2021 ж. Қатысушылар: 25;

6) «Қосымша білім беру педагогтерінің сәндік-қолданбалы өнердегі инновациялық-шығармашылық технологиялары», 12.02.2021 ж. Қатысушылар: 84;

7) «Патриоттық тәрбие – азаматтың және ел патриотының жеке басын қалыптастырудың негізі», 24.02.2021 ж. Қатысушылар: 23;

8) «Заманауи жағдайда балаларға қосымша көркемдік білім беру», 24.02.2021 ж. Қатысушылар: 25;

9) «Қосымша білім беруде педагогикалық қызметте интернет-ресурстарды пайдалану», 24.02.2021 ж. Қатысушылар: 100;

10) «Қосымша білім беру ұйымдарының жұмысын дұрыс ұйымдастыру, бақылау және сараптау», 26.02.2021 ж. Қатысушылар: 21;

11) «Білім беруді жаңғырту жағдайындағы оқытудың интерактивті технологиялары мен әдістері», 26.02.2021 ж. Қатысушылар: 80;

12) «Қосымша білім беру ұйымдарындағы сабақтарда бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнерді интеграциялау», 03.03.2021 ж. Қатысушылар: 66;

13) «Бейнелеу өнеріндегі АРТ-технологиялар», 05.03.2021 ж. Қатысушылар: 28;

14) «Инновациялық технологиялар, қосымша білім беру педагогы жұмысының жаңа бағыттары», 05.03.2021 ж. Қатысушылар: 21;

15) «Үйірме сабақтарында тәжірибе жұмыстарын тиімді қолдану тәсілдері», 05.03.2021 ж. Қатысушылар: 41;

16) «Қосымша білім беру арқылы заманауи мектептегі STEAM – жобалау қызметі», 11.03.2021 ж. Қатысушылар: 18;

17) «Қосымша білім беруде STEAM технологиясының элементтерін енгізу», 15.03.2021 ж. Қатысушылар: 26;

18) «Қосымша білім беру ұйымдарын уақыт талабы тұрғысынан басқару» 12.03. 2121 ж. Қатысушылар: 23;

19) «Қосымша білім беруде және каникул кезеңінде балалардың демалысы мен сауықтырылуын ұйымдастырудың заманауи модельдері» 15.04. 2021 ж. Қатысушылар: 13;

20) «Балалардың жазғы демалысы: идеялар, жобалар, іске асыру» 15.04. 2021 ж. Қатысушылар: 14;

21) «Балалар мен жасөспірімдердің белсенді жазғы демалысын ұйымдастырудың ерекшеліктері» 16.04. 2021 ж. Қатысушылар: 15;

22) «Балалармен қашықтан жұмыс жасау форматында дәстүрлі емес оқыту әдістері» 22.04.2021 ж. Қатысушылар: 22;

23) «Жазғы уақытта балалармен жұмыс тәжірибесіндегі ойын технологиялары» 28.04.2021 ж. Қатысушылар: 12;

24) «Азаматтардың рухани даму стратегиясы ретінде «Рухани Жаңғыру» бағдарламасын іске асыру», 29.04.2021 ж. Қатысушылар: 11;

25) «Заманауи ақпараттық коммуникациялық технологиялар және қосымша білім беруде бейнематериалдарды пайдалану», 20.05. 2021 ж. Қатысушылар: 12;

26) «Қарым-қатынас және жеке қарым-қатынас дағдылары», 08.07.2021 ж. Қатысушылар: 25.

V. ҚР БҒМ мен ҚР БҒМ РҚББОӘО арасындағы № 187-217 шарттарды орындау үшін бірінші жартыжылдықта балаларға қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың педагогика кадрлары үшін біліктілікті арттырудың 31 курсынан 7 курстың 425 педагогі үшін ұйымдастырылды және өткізілді:

1) «Әскери-патриоттық клубтарда Отанды қорғауға саналы көзқарасты қалыптастыру»;

2) «Балалар қоғамдық бірлестіктері – әлеуметтік тәрбиенің субъектісі»;

3) «Балалардың жазғы демалысын ұйымдастырудың қажетті шарттары»;

4) «Балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі балалардың әлеуметтік-коммуникативтік дамуы»;

5) «Сәндік қолданбалы өнердегі STEAM технологиялар»;

6) «Қосымша білім беру арқылы заманауи мектептегі STEAM – жобалау қызметі»;

7) «Балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі менеджмент».

Екінші жартыжылдыққа 50 педагог үшін 1 біліктілікті арттыру курстарын өткізу жоспарланған:

1) «Бейнелеу өнеріндегі ART-технологиялар және компьютерлік модельдеу».

V. 02 сәуірде РҚББОӘО директоры Шер Раиса Петровнаың төрағалығымен әлеуметтік-педагогикалық бағыттағы ұйымдар басшыларының

Республикалық үйлестіру кеңесінің бірінші онлайн отырысы өтті. Кеңес құрамына Оқушылар сарайлары, үйлері, кешендер мен орталықтардың директорлары кірді. Отырыста әлеуметтік-педагогикалық бағыттағы ұйымдар басшыларының үйлестіру кеңесі жұмысының қызметі, ғылыми сауаттылық және Қазақстандағы Оқушылар сарайларын «Belt and Road Virtual Science Center» ғылым виртуалды музейлері мен ғылыми орталықтарының халықаралық картасына енгізу жөніндегі жобаны іске асыру, пікірсайыс қозғалысын және мектептегі өзін-өзі басқаруды дамыту жөніндегі жобалық кеңсенің жұмысы, әлеуметтік желілерде (Қостанай облысының жұмыс тәжірибесінен) ҚБҰ қызметін жариялау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, республикалық іс-шараларды өткізуге дайындық, педагогтерді біліктілікті арттыру курстарына жіберу.

2021 жылғы 27 мамырда ҚР Білім және ғылым министрінің оқушылар мен студенттер арасындағы дебат қозғалысының қатысушыларымен кездесуі өтті.

Диалогқа ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Смышляева Екатерина Васильевна қатысты. Онлайн кездесуге мектеп парламенттерінің 500 Президенті мен осы жобаның үйлестірушілері қатысты. Шолпан Таңатқызы қоғам өміріне қатысу мектеп өміріне қатысудан басталатынын атап өтті. Мектеп Парламенті және оқушылардың өзін-өзі басқаруы – бұл білім алушыларға мектеп өмірі үшін маңызды шешімдерге әсер етуге ғана емес, сонымен қатар әртүрлі жобалар мен идеяларды жүзеге асыру үшін шығармашылық, динамикалық атмосфера құруға мүмкіндік беретін дамушы орта. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Екатерина Васильевна мектептің өзін-өзі басқару деген не екенін жақсы біледі. Ол диалог қатысушыларына өз өмірбаянының кейбір фактілері туралы айтып берді, бұл оған өмірдегі мақсаттар мен басымдықтарды дұрыс анықтауға мүмкіндік берді. Балаларды мектеп, қоғам өміріне белсенді араластыру, бірлескен шешімдер қабылдау – ересектер мен балалар – осы және басқа да мәселелерді Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары жөніндегі уәкіл Аружан Саин қозғады. Балалар мектеп өмірінің түрлі бағыттарына оқушыларды тарту және қатысудың маңыздылығы туралы айтып, сайлаудың қалай өткендігі, мектептегі оқу және шығармашылық өмірі, сайлау алдындағы бағдарламалар және мектеп сайлауындағы жеңістер туралы қызығушылықпен әңгімелеп берді. Кездесу диалог форматында өтті – мектептің өзін-өзі басқару көшбасшылары өздерін қызықтырған сұрақтар қойды. Әсіресе, балаларды осы жазда лагерьлерде демалу мүмкіндігі бола ма деген кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелері қызықтырды, мектеп парламенттерінің президенттері мен фракцияларының депутаттарымен тәжірибе алмасу үшін слеттер, семинарлар, кездесулер ұйымдастыруды ұсынды.

2021 жылғы 27 мамырда Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Шолпан Таңатқызы Каримова Мектеп парламенттері

жетекшілерімен кездесті. Диалогқа ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Смышляева Екатерина Васильевна қатысты. Онлайн кездесуге мектеп парламенттерінің 500 президенті мен осы жобаның үйлестірушілері қатысты.

Шолпан Таңатқызы қоғам өміріне қатысу мектеп өміріне қатысудан басталатынын атап өтті. Мектеп Парламенті және оқушылардың өзін-өзі басқаруы – бұл білім алушыларға мектеп өмірі үшін маңызды шешімдерге әсер етуге ғана емес, сонымен қатар әртүрлі жобалар мен идеяларды жүзеге асыру үшін шығармашылық, динамикалық атмосфера құруға мүмкіндік беретін дамушы орта.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Екатерина Васильевна мектептің өзін-өзі басқару деген не екенін жақсы біледі. Ол диалог қатысушыларына өз өмірбаянының кейбір фактілері туралы айтып берді, бұл оған өмірдегі мақсаттар мен басымдықтарды дұрыс анықтауға мүмкіндік берді.

Балаларды мектеп, қоғам өміріне белсенді қосу, бірлескен шешімдер қабылдау – ересектер мен балалар – осы және басқа да мәселелерді Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары жөніндегі уәкіл Аружан Саин қозғады.

Балалар мектеп өмірінің түрлі бағыттарына оқушыларды тарту және қатысудың маңыздылығы туралы айтып, сайлаудың қалай өткендігі, мектептегі оқу және шығармашылық өмірі, сайлау алдындағы бағдарламалар және мектеп сайлауындағы жеңістер туралы қызығушылықпен әңгімелеп берді.

Кездесу диалог форматында өтті – мектептің өзін-өзі басқару көшбасшылары өздерін қызықтырған сұрақтар қойды. Әсіресе, балаларды осы жазда лагерьлерде демалуға мүмкіндік бола ма, жоқ па деген кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелері қызықтырды, мектеп парламенттерінің президенттері мен фракция депутаттарының тәжірибе алмасуы үшін слеттер, семинарлар, кездесулер ұйымдастыруды ұсынды.